1161.	Абдрахманов Айдар Серикович, Еремін Владислав Андреевич, Аюпова София Дулатовна	Современные тенденции цифрового маркетинга в гостиничной отрасли Казахстана	4980
1162.	Адебиет Анель Ерғазықызы	Туризмнің жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері	4985
1163.	Амержан Сабира Умурғалиқызы	Гастрономический туризм: влияние на ресторанный бизнес	4990
1164.	Балахметова Адия Болатқызы	Роль ТОО «Казахстанская атомная энергетическая станция» в содействии решения проблемы энергодефицита Республики Казахстан	4992
1165.	Бекмұхамбетова Іңкәр Маратқызы	Мейрамханалардағы тағам сапасын бақылау жүйелері	4995

1166.	Ғиззат Алтынай Ақанқызы	Культурное наследие как ресурс развития туристской индустрии Республики Казахстан	4999
1167.	Дәурен Айзат	Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде	5003
1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Speckhard, A. (2007). De-legitimizing terrorism: Creative engagement and understanding of the psycho-social and political processes involved in ideological support for terrorism. Democracy and Security
2. Boucek, C. (2008). Saudi Arabia's "soft" counterterrorism strategy: Prevention, rehabilitation, and aftercare, Carnegie Papers
3. Н.Назарбаев Конфессияаралық және өркениетаралық даму орталығы
4. Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігі. (2021). «Қазақстан халқының дін саласындағы мемлекеттік саясатты бағалауы» социологиялық мониторинг нәтижелері бойынша талдамалық есеп.
5. Қазақстан Республикасы. (2011). «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. № 483-IV.
6. Schulze, K. (2008). Indonesia's approach to jihadist deradicalization. CTC Sentinel
7. Omelicheva, M. Y. (2010). The ethnic dimension of religious extremism and terrorism in Central Asia. International Political Science Review

ӘОК 338.242.4

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ АЯСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ТИІМДІЛІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жусупкалиев Азамат Ажигалиұлы

azamatjusunpkali@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті,
8D04119 «Жобаларды басқару» БББ 1 курс білім алушысы
Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – қауымдастырылған профессор, э.ғ.к. К.К.Хасенова

Заманауи жаһандық сын-қатерлер мен тұрақты өзгерістер жағдайында мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мен икемділігі артып отыр. Бұл ретте жобалық менеджменттің құралдары мен әдістерін мемлекеттік қызметке бейімдеу – мемлекеттік аппараттың институционалдық қабілеттілігін нығайтудағы маңызды бағыттардың бірі. Қазақстан Республикасында бұл бағыттағы алғашқы қадамдар тәуелсіздік алған сәттен бастап жүзеге асырыла бастады. Алайда соңғы онжылдықта ғана жобалық тәсіл мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың нақты әрі нәтижеге бағытталған тетігі ретінде жүйелі сипат ала бастады.

1. Қазақстандағы мемлекеттік басқару трансформациясының кезеңдері және жобалық тәсілдің қалыптасу алғышарттары

1.1 Институционалдық негіздердің қалануы (1991–1997 жж.)

Кеңестік жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көшу кезеңінде Қазақстан мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесін құруға кірісті. 1995 жылы қабылданған Конституция мемлекеттік билік тармақтарының қызметін заңнамалық тұрғыда анықтап, мемлекеттің институционалдық базасын қалыптастырды. Бұл кезеңде жобалық басқару формальды түрде қолданылмағанымен, стратегиялық жоспарлау мен құрылымдық реформалар жобалық көзқарастың негізін қалаушы факторлар болды.

1.2 Стратегиялық даму және әкімшілік реформалар кезеңі (1997–2007 жж.)

1997 жылы қабылданған «Қазақстан–2030» стратегиясы мемлекеттік басқарудың стратегиялық бағдарларын нақтылап, оның ішінде тиімділік, ашықтық және есептілік ұғымдарына ерекше мән берілді. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің құрылуы, басқарудың кәсібиленуіне бағытталған реформалар жобалық басқару принциптеріне негізделді.

1.3 Инновациялық-индустриялық даму және цифрлық трансформация кезеңі (2007–2017 жж.)

Бұл кезеңде жобалық тәсілдің нақты элементтері мемлекеттік басқару жүйесіне ене бастады. «Қазақстан–2050» стратегиясында цифрландыру, инновациялық даму, электрондық үкімет жүйесін енгізу және тиімді мемлекеттік қызмет көрсету сынды міндеттер қойылды [1]. Бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардың жобалық форматта жұмыс істеу қажеттігін туындатты. Электрондық үкімет, «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясы және Халыққа қызмет көрсету орталықтары сияқты бастамалар жобалық басқарудың алғашқы нәтижелері болды.

1.4 Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі және жобалық басқаруға көшу кезеңі (2017 жылдан бері)

2015 жылы жарияланған бес институционалдық реформа және «100 нақты қадам» Ұлт жоспары жобалық басқаруға негізделген мемлекеттік қызмет үлгісін енгізуге жол ашты. Мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптары күшейтіліп, кадрларды іріктеу және бағалау жүйесіне жобалық басқару құзыреттері енгізілді. Сонымен қатар, жобалық кеңселер құрылып, ұлттық және өңірлік деңгейлерде стратегиялық жобалар іске асырыла бастады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2021 жылдың 7 қазанында жобалық әдіс бойынша жүзеге асырылатын он Ұлттық басымдықты бекітті. Бұл басымдықтардың іске асырылу принциптері нәтижеге бағытталу, күтілетін және қойылған мақсаттарға жетудегі жеке жауапкершілік, сондай-ақ барлық мүдделі тараптарды жобаларды іске асыруға тарту болып табылады. Бұл стратегиялық бастама мемлекеттік басқаруда жаңа ұйымдастыру мәдениетіне көшуін білдіреді, оның құрамында жобалық-торлы модельдің қолданылуы бар. Жобалық-торлы модель — бұл жобалық қызметті ұйымдастыруға арналған жаңа тәсіл, ол мемлекеттік органдардың өкілдері, сарапшылар және қоғамдық ұйымдар өкілдерінен тұратын кросс-функционалды жобалық топтардың құрылуын қамтиды. Бұл модельді енгізу мақсатында Қазақстанда мемлекеттік басқаруда жобалар мен бағдарламаларды тиімді басқару үшін бірегей экожүйе құру көзделген. Мұндай құрылымдардың пайда болуы мемлекеттік органдардың әртүрлі деңгейлерінің жұмысын интеграциялауға және жобаларды басқарудың бірыңғай тетігін құруға мүмкіндік береді. Бұл модельдің аясында Цифрлық үкімет офисі құрылып, оның құрамына 44 мемлекеттік орган кірді. Бұл офис мемлекеттік маңызы бар жобаларды әзірлеу мен іске асыруды үйлестіруші құрылым ретінде әрекет етеді. Офис құрамына Ұлттық аналитикалық орталық, цифрлық трансформация орталығы және Ұлттық жобаларды мониторингтеу және іске асыру офисі (Ұлттық жобалық офис) кіреді. Мұндай құрылымның құрылуы мемлекеттік органдардың бірігуіне және жобаларды басқарудың бірегей механизмін орнатуға ықпал етті.

Сонымен қатар, мемлекеттік секторда жобалық басқаруды тиімді енгізу үшін нормативті-құқықтық база әзірленді. Мұндай құжаттардың қабылдануы, мысалы, «Жобалық басқаруды жүзеге асыру ережелері» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.05.2021 жылғы № 358 қаулысы) және «Мемлекеттік органдардың жобалық басқару регламенті» (Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 13 қаңтар 2022 жылғы № 2 бұйрығы), жобалық әдістерді мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде қолдану үшін құқықтық негіздің құрылуына ықпал етті. Бұл құжаттар мемлекеттік аппараттың портфельдер, бағдарламалар мен жобаларды басқару қызметін реттейді. Яғни, мемлекеттік басқарудың үш деңгейінде — үкіметте, мемлекеттік органдарда және жобалық топтарда жүзеге асырылады. Олар ұлттық жобаларды салалық және аймақтық деңгейлерде декомпозициялауды және әрбір деңгейде нақты көрсеткіштерді жүзеге асыру үшін қажетті жобаларды анықтауды міндеттейді. Жобаларды декомпозициялау мен олардың орындалуын бақылау жобалық басқарудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ерекше назар аударатын жайт, бұл жобаларды жүзеге асыруда қоғамдық бақылаудың жүргізілуі болып табылады. Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін қоғамдық топтар құрылатын болады. Бұл мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттырып, азаматтармен кері байланысты қамтамасыз етеді [2]. Қазақстанда құрылған жобалық-торлы модель халықаралық

тәжірибені ескере отырып әзірленді. Әсіресе Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдерінде қолданылатын ең жақсы тәжірибелер ескерілді. Атап айтқанда Ұлыбритания, АҚШ, Австралия және Канада елдерінің әдістері. Бұл тәсіл персоналдық жауапкершілік, нақты мақсаттар мен индикаторлар, сондай-ақ жобаларға дейінгі көрсеткіштердің (KPI) үнемі декомпозициялануы арқылы жұмыс істейтін жүйеге негізделген [3]. Қазақстанда әзірленген инновациялық әдістеме маркетинг тілімен айтқанда «бенчмаркинг» принципіне негізделген, яғни бұл өзге ұйымдардың үздік тәжірибелерін зерттеу және біріктіру арқылы жаңа модель құру және нәтижелерді жетілдіру. Бұл модель халықаралық мойындалуға ие болды: 2021 жылдың 32-ші IPMA (Халықаралық жобаларды басқару ассоциациясы) конгресінде Қазақстанның жобалық-торлы моделі IPMA PROJECT EXCELLENCE AWARD сыйлығын «Жылдың үздік жобасы» номинациясында жеңіп алды, онда әлемнің 75 елінен қатысушылар болды. Жобалық модельді енгізу барысында мақсаттардың стратегиялық картасы әзірленді, ол көрсеткіштерді декомпозициялауға және әрбір деңгейде жауапты тұлғаларды бекітуге мүмкіндік береді. Осылайша, жобалық қызмет құрылымдалған және нақты нәтижелерге бағытталған болды. Барлық жобалық жұмыстар қоғамдық қолжетімділікте жарияланып, мониторинг жасауға мүмкіндік береді, бұл ашықтықты қамтамасыз етіп, қоғамдық бақылаудың деңгейін арттырады. Қазақстандағы мемлекеттік басқаруда енгізілген жобалық-торлы модель — бұл мемлекеттік жобалардың сапасы мен нәтижелілігін арттыруға бағытталған тиімді құрал. Бұл тәсіл мемлекеттік стратегияларды практикалық жүзеге асыруға кросс-функционалды командалар мен инновациялық басқару әдістерін қолдану арқылы жетуге мүмкіндік береді. Бұл модельді енгізу нормативті-құқықтық базаны әрі қарай жетілдіруді және үнемі мониторинг жүргізуді талап етеді, осылайша жобалардың жоғары сапалы орындалуын және қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуге болады.

Қазіргі таңда әлемде жобалық басқарудың көптеген әдістемелері қалыптасып, олардың тиімділігі әртүрлі зерттеулермен дәлелденіп отыр. Бұл саладағы жұмыстар жүйелі түрде жетілдіріліп келеді, ал соңғы бағыттар БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарымен (ЦУР) тығыз байланыста дамуда. Жобаларды басқару бойынша халықаралық және ұлттық деңгейдегі ассоциациялар бұл саланың теориялық және практикалық негіздерін қалыптастырып, оның даму тенденциясын, стандарттарын және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етуде.

Әлемдік деңгейде жобалық басқару саласының ірі өкілдері ретінде Project Management Institute (PMI), International Project Management Association (IPMA), International Organization for Standardization (ISO), Association for Project Management (APM), сондай-ақ Германияның жобалық менеджерлер одағы (GPM), Global Alliance for Project Performance Standards (GAPPS) және Жапонияның жобалық басқару ассоциациясы (PMAJ) сияқты ұйымдарды атауға болады. Бұл ұйымдар жобалық басқару әдістемесін жүйелеу, оны дамыту және жаңа технологияларды енгізу бойынша белсенді жұмыс атқаруда. Атап айтқанда, PMI – 1969 жылы негізі қаланған, бүгінде әлем бойынша 600 мыңнан астам мүшесі бар жетекші ұйым. Ал IPMA 1965 жылы құрылған және жобаларды басқару саласындағы алғашқы халықаралық қауымдастықтардың бірі болып табылады.

Жобалық басқарудың тиімділігін дәлелдейтін статистикалық деректер де жеткілікті. PMI ұйымының 2020 жылғы «Pulse of the Profession» есебі бойынша, әлемде жобаларға жұмсалған әрбір 1 миллиард доллардың 11,4 пайызы тиімсіз пайдаланылуда. Жобалық басқаруды стратегиялық құрал ретінде бағаламаған ұйымдар өз инвестицияларының 67 пайызын жоғалтады [4]. Бұл ретте жобалық басқару әдістерін қолданатын ұйымдардың жобалық табыстылығы 92 пайызды құраса, оны қолданбайтын ұйымдарда бұл көрсеткіш небәрі 32 пайызды құрайды [5]. Сонымен қатар, жобалық басқаруды тиімді қолданатын ұйымдар жобалық мақсаттарға 2,5 есе жиірек қол жеткізеді, ал стратегиялық бастамаларды жүзеге асыруда олар 13 есе аз қаржы жоғалтады [6].

Осы деректер жобалық басқарудың тек ішкі ұйымдық тиімділікке емес, сонымен бірге жалпы ұлттық және жаһандық деңгейдегі экономикалық даму мен тұрақтылыққа

ықпал ететін стратегиялық құрал екенін дәлелдейді.

Қазақстан Республикасындағы жобалық басқару саласында бірқатар проблемалық мәселелер бар. Бірінші мәселе – мемлекеттік органдардағы жобалық офистердің жеткілікті деңгейде жасақталмауы. Көп жағдайда жобалық офистердің құрылымы бар болғанымен, оның мазмұндық бөлігінде толыққанды жұмыс жүргізілмейді. Жобалық кеңседе тұрақты жұмыс істейтін мамандар болмаған жағдайда, мұндай құрылымның тиімді қызметі туралы айту қиын. Бұл өз кезегінде жобалық басқару тәсілін толыққанды енгізуге кедергі келтіріп, жедел әрі нәтижелі шешім қабылдауға тосқауыл болады. Сонымен қатар, құрылымдық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдар арасындағы өзара іс-қимыл жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан. Мемлекеттік органдардың бірінші басшылары мен олардың бөлімшелерінің жобалық жұмыстарға тартылуы әлсіз күйде қалып отыр.

Екінші мәселе – мемлекеттік органдар мен жобалық топтардың басшыларының жобалық басқару жүйесіне жеткілікті деңгейде тартылмауы. Көптеген ұйымдарда жобалық басқарудың ішкі процестері қалыптаспаған, жүйелі тәсіл мен тұрақты режимде жұмыс істейтін цифрлық жүйелердің (мысалы, ИСПУ) жетіспеушілігі байқалады.

Үшінші мәселе – кадр тапшылығы. Жобалық офистер мен жобалық топтарда сертификатталған (IPMA, PMI, PRINCE2, ISO 21500 және т.б.) мамандардың саны өте аз. Мәселен, 2021 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша, тек 428 мемлекеттік қызметші ғана жобалық менеджмент бойынша халықаралық сертификатқа ие болған.

Төртінші мәселе – «Easy Project» жүйесінің пилоттық режимде жұмыс істеуі. Мысалы, бір мемлекеттік орган екінші органның ақпаратын көре алмайды немесе пайдалана алмайды [7].

Бесінші мәселе – жобалардың орындалуын тиісті деңгейде қадағалаудың жоқтығы. Орындаушылардың (жеке сектор) мемлекеттік органдармен бірлескен жобалық басқару жүйесіне қатысуы төмен, ал мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелері арасындағы ақпарат алмасу шектеулі күйде қалып отыр.

Осы мәселелерді шешу үшін келесідей ұсыныстар енгізіледі.

Біріншіден, жобалық басқаруға мемлекеттік органдардың басшыларын жүйелі түрде тарту үшін Ұлттық жобалық кеңсеге мемлекеттік мәртебе беріп, оны Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тікелей кураторлығына беру қажет. Мұндай құрылым Үкіметтің жобалық тәсілге негізделген тұрақты жұмыс форматына көшуіне ықпал етеді. Мысал ретінде, Үкімет отырыстарын ИСПУ «Easy Project» жүйесі арқылы өткізуге болады.

Екіншіден, мемлекеттік органдардың жобалық басқару тиімділігі мен тартылу деңгейін бағалайтын «Effective Control» деп аталатын тоқсан сайынғы бағалау жүйесін енгізу қажет. Бұл бағалау нақты жобалық нәтижелерге негізделуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.«Қазақстан-2050» Стратегиясы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, Астана, Ақорда, 14 желтоқсан 2012 жыл. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050> (22.02.2021). Қолжетімділік күні: 03.05.2022 ж.

2.IPA Annual Report on Major Projects 2017 - 2018. – https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment_data/file/721978/IPA_Annual_Report_2018__2_.pdf. Қолжетімділік күні: 03.05.2022 ж.

3.Case Study Method in Research Methodology. – <https://www.wisdomjobs.com/e-university/research-methodology-tutorial-355/casestudy-method-11496.html>. Қолжетімділік күні: 03.05.2022 ж.

4.PMI (Project Management Institute) ұйымының «Pulse of the Profession 2020» есебі. – <https://www.pmi.org/learning/library/forging-future-focused-culture-11908>. Қолжетімділік күні: 03.05.2022 ж.

5.PMI (Project Management Institute) ұйымының «Pulse of the Profession 2020» есебі. – <https://www.pmi.org/-/media/pmi/documents/public/pdf/learning/thoughtleadership/pulse/pulse->

[of-the-profession-2018.pdf](#). Қолжетімділік күні: 03.05.2022 ж.

6. PMI (Project Management Institute) ұйымының «Pulse of the Profession 2016» есебі. – <https://www.pmi.org/learning/thought-leadership/pulse/pulse-of-the-profession2016>. Қолжетімділік күні: 03.05.2022 ж.

7. Жобалық басқарудың ақпараттық жүйесі «Easy Project». – https://kz2050.gov.kz/login?back_url=https%3A%2F%2Fkz2050.gov.kz%2Fprojects%2F53375%3Fjump%3Dmy_page. Қолжетімділік күні: 03.05.2022 ж.

ӘОЖ 354

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Жұманова Қарлығаш Іңкәрбекқызы

karlzhumanova@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік және жергілікті басқару» БББ 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD, доцент м.а. Е.М.Әбенев

Қазіргі жаһандық цифрлық дәуірде мемлекеттік басқару жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимыл форматын жаңа деңгейге көтерді. Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру арқылы электрондық үкіметтің инфрақұрылымын дамытып, мемлекеттік қызметтерді қашықтықтан, жылдам әрі кедергісіз алу мүмкіндігін кеңейтті [1].

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш беруі арқылы немесе өтінішсіз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекеленген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі және жиынтығы болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету 2 субъект арасында жүзеге асырылады: көрсетілетін қызметті алушы мен көрсетілетін мемлекеттік қызметті беруші. Мемлекеттік қызметтер мемлекеттік корпорация, көрсетілетін қызмет берушілер, «электрондық үкімет» веб порталы, ұялы байланыс құралы, орталық мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырылады. [2].

Осы тұрғыдан цифрландыру дәуірінде ары қарай онлайн мемлекеттік қызметтерді жетілдіру – ең алдымен олардың сапасын арттырумен тығыз байланысты. Д.Осборн мен Т.Гэбоер «Мемлекеттік басқаруды қайта қарау: кәсіпкерлік рух мемлекеттік секторды қалай өзгертеді» атты еңбегінде мемлекеттік органдардың сапаны арттыру мақсатында кәсіпкерлердің тәсілін қолдануы қажеттігін атап көрсетеді. Олар бюрократиядан гөрі нәтижеге бағдарлануы тиіс екендігін, ал мемлекеттік қызметтер тек проблемаларды жою емес, олардың алдын алу бағытында жұмыс істеуі керек екенін көрсетеді [3].

1 кесте – 2022-2024 жылдар аралығындағы мемлекеттік қызметтерді алу орны

	2022		2023		2024	
	саны	%	саны	%	саны	%
Электронды түрде						
ХҚКО (дербес түрде)	613	6,3	552	5,6	3 622	29
ЭҰП	2 855	29,1	4 414	45,1	6 220	49,7